

1303  
Құжы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**«6D060100 (8D05401) – Математика», «6D070500 (8D06104) – Математикалық және компьютерлік моделдеу» мамандықтарының философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы**

**ЕСЕБІ**

1. **Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.** Есеп беру кезеңінде диссертациялық кеңестің алты отырысы өткізілді, оның бесеуі диссертацияны қорғауға арналды.

2. **Диссертациялық кеңес мүшелері диссертациялық кеңес мәжілісіне толық қатысты.**

3. **Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

**Қорғалған жұмыстар**

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Мамандықтың шифры және атауы	Ғылыми кеңесшілері ((Т.А.Ә.), дәрежесі, жұмыс орны)	Оқу орны
1	Құрманбай Дамир Мұратбекұлы	«6D060100 (8D05401) – Математика»	Есмаханова Құралай Ратбайқызы - физика-математика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының доценті (Астана қ., Қазақстан); 2. Царев Сергей Петрович - физика-математика ғылымдарының докторы, Сібір Федералды университетінің профессоры (Красноярск, РФ).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

4. **Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:** қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау; диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен

және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы; диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Кеңесте қарастырылған диссертациялар «Математика», «Математикалық және компьютерлік моделдеу» кафедралары мен Ғылым ордасындағы Математика және математикалық моделдеу институтында дайындалған білім беру бағдарламаларының аясында орындалды.

**Құрманбай Дамир Мұратбекұлы.** Диссертация тақырыбы: «Инверсияланған минималды беттердің солитонды деформациясы». Докторлық диссертациялық жұмыс модификацияланған Веселов-Новиков теңдеуінің шешімдерін тауып, үшөлшемді кеңістікте инверсияланған минималды беттер үшін солитонды деформацияны құрастыруға арналған.

Диссертацияда мынадай жаңа нәтижелер алынды:

- мВН теңдеуінің шешімдері жоғарғы ретті Эннепер беттері мысалдарын келтіру арқылы табылған;
- модификацияланған Кортвег-де-Фриз (мКдФ) теңдеуінің шешімі катеноид мысалын келтіру арқылы табылған;
- мВН теңдеуінің шешімдері геликоид мысалын келтіру арқылы табылған;
- инверсияланған минималды беттер үшін солитонды деформация құрастырылған.
- модификацияланған Веселов-Новиков теңдеулеріне Мутар түрлендіруін қолданып, мВН теңдеуінің нақты шешімдері табылды;
- бастапқы минималды беттерді (катеноид, геликоид, жоғарғы ретті Эннепер беттерін) қандайда координаталық осьтің (түзудің) бойымен тегіс жылжыту-бекіту және қатаң жылжыту-бекіту деформациялары арқылы мВН теңдеулерінің регулярлы және бұзылушы шешімдері құрастырылды;
- инверсияланған минималды беттерді сипаттайтын регулярлы және бұзылушы потенциалдардың кескіндері салыстырылды;
- мВН теңдеулерінің аналитикалық шешімдеріне талдау жасалынды,

Диссертация тақырыбы бойынша нәтижелері 9 жұмыста жарияланды, оның ішінде 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімдегі журналда; 1 мақала – нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus дерекқорына кіретін журналда; 1 мақала - РИНЦ базасымен индекстелген рецензияланған VI халықаралық ғылыми конференциясы материалдары; 4 тезис - халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері теориялық болып табылады. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер замануи геометриялық құрылымдар теориясы және солитондар теориясы бойынша арнайы курстарды дайындауда оқу құралдары мен материалдар ретінде пайдалануға болады. Алынған нәтижелер теориялық физиканың әртүрлі есептерін шешуде де қолданылуы мүмкін.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Диссертациялық жұмыстар туралы пікірлерді ресми рецензенттер уақытылы ұсынып отырды. Барлық рецензенттердің пікірлері ҚР БҒМ БҒСБК талаптарына сай келеді. Диссертациялар туралы пікірлер оң болды.

Рецензенттер тарапынан формалды, сапасыз қарым-қатынас фактілері анықталмады.

**6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар жоқ.**

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

Мамандық шифры мен атауы
--------------------------

	«6D060100 (8D05401) Математика»,	–	«6D070500 (8D06104) – Математикалық және компьютерлік моделдеу»
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	1		1
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–		–
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–		–
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–		–
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–		–
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–		–

Диссертациялық кеңестің төрағасы



Кангужин Б.Е.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Хомпыш Х.

«11» қаңтар 2023 жыл